




Жүргізілген кеңестер туралы
Есеп

Тақырыбы «Жаздық бидай өнімділігіне топырақ құнарлығының әсері»

«Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру тәсілдері, ауыспалы егістерді сақтау» бағыты бойынша

Өткізу күні:
«23» тамыз 2025 жыл

Кеңес беру өткізілген орны:
Алматы облысы, Кеген ауданы,
Кеген ауылы, Молдағұлова 33 «Уларлы» ШҚ

Эксперт:  Сулейменова А.И.
(қолы)

«Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ
Топырақтану және агрохимия
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
Басқарма Төрайымы



 Р.Х. Рамазанова
қолы, М.О.

1. Кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері

Қазақстанның ауыл шаруашылық секторы жылдан-жылға дамып, жаңарып келеді. Жаздық бидай Қазақстанның негізгі азық-түлік қоры және экспортқа шығарылатын өнімі. Жаздық бидай дүние жүзінің егіншілікпен айналысатын барлық аудандарында өсіріліп, тағамдық құндылығы және өсірілу көлемі бойынша дүние жүзінде жетекші орын алады. Кез-келген аймақта ауыл шаруашылық дақылдарын өсіріп жоғары деңгейде тұрақты жоғары және сапалы өнім алудың кепілі – сол аймақтың топырақ климат жағдайларына сәйкес құрылған зиянкестермен, аурулармен, арамшөптермен күресуге бағытталған шаралар болып есептеледі.

2. Қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары

Жаздық және күздік бидайдан мол өнім алу үшін олардың тұқымы ылғалы аз, қуаң аймақтардағы ауыспалы егістен кейін, немесе таза сүдігерге (парға) егілгені жөн. Бұл әдісті қолданғанда бір жыл бидай, келесі жылы бір не көпжылдық шөп егіледі. Қазақстанның далалық қуаң аудандарында бидай себуге арналған топырақты сыдыра қопсытып жыртықан жақсы нәтиже береді. Мұндай әдіспен өңдегенде бұрын қандай шөп егілгендігі, қандай арам шөптер өскендігі ескеріліп, жер терең немесе таяз жыртылады. Оңтүстіктегі суармалы сұр топырақты аудандарда күздік бидай егілетін жер аудара жыртылады. Қыста қар тоқтату тиімді. Егістіктерде себілетін тыңайтқыштардың түрі мен мөлшері себілген дақылға және топырақтың құнарлылығына байланысты. Қазақстанның оңтүстігіндегі суармалы аудандарда күздік бидайды себу алдында топыраққа азот тыңайтқышы беріліп, өңделеді. Өнімді жинау тәсілі бидайдың биіктігі мен өсу жиілігіне, арам шөптердің түрлері мен олардың аз-көптігіне, сабақтың көлбеп жатып қалуына байланысты. Арам шөптері аз, жатып қалмаған, біркелкі пісіп жетілген астықты тікелей комбайнмен шауып бастырады. Ал арам шөбі көп, біркелкі пісіп жетілмей, жатып қалған бидайды әуелі шауып дестеге түсіреді, содан кейін комбайнмен жинап бастырады. Қазақстанда бидайдың 29 сорты аудандастырылған. Жаздық бидайдың өнімділігі мен сапасы көбіне топырақтың құнарлылық деңгейіне байланысты. Құнарлы топырақ – тек өнім көлемін ғана емес, сонымен қатар оның сапасын арттыратын маңызды фактор. Сондықтан агроөнеркәсіп субъектілері топырақтың құнарлылығын сақтау мен жақсартуға ерекше мән беруі қажет.

3. Өндіріс көлемін ұлғайту/өнімділікті арттыру/шығындарды азайту және т.б. сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже

Жаздық бидай – Қазақстандағы негізгі астық дақылдарының бірі болып саналады. Оның өнімділігіне әсер ететін басты факторлардың бірі – топырақ құнарлылығы. Құнарлы топырақ – тұрақты және жоғары өнім алудың негізі. Топырақ құнарлылығын арттыру – жаздық бидайдың өнімділігін өсірудің негізгі факторы.

Тыңайтқыштар (органикалық және минералды), ауыспалы егіс, топырақ өңдеу және агротехникалық шараларды дұрыс қолдану арқылы топырақтың құнарлылығын арттыру – жаздық бидай өндірісінің тиімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Топырақ құнарлылығы өсімдікке қажетті қоректік заттардың (азот, фосфор, калий, микроэлементтер) жеткілікті болуын қамтамасыз етеді. Бұл жаздық бидайдың тамыр жүйесінің дамуына, өсуіне, өніп-шығуына және дән түзу кезеңінің сапасына тікелей әсер етеді.

Құнарлы топырақта өсірілген жаздық бидай келесі артықшылықтарға ие болады:

- Өнімділік деңгейі артады;
- Астық сапасы жақсарады (протеин, клейковина көрсеткіштері жоғарылайды);
- Өсімдіктер аурулар мен зиянкестерге төзімді болады;
- Ылғал мен қоректік заттарды тиімді сіңіреді;
- Вегетациялық кезең біркелкі өтеді, бұл орып-жинауды жеңілдетеді.

Топырақ құнарлылығын арттыру мақсатында мынадай агротехникалық шаралар ұсынылады:

- Органикалық және минералды тыңайтқыштарды тиімді пайдалану;
- Ауыспалы егіс жүйесін енгізу;
- Топырақ өңдеудің заманауи әдістерін қолдану;
- Сапалы тұқым себу және қорғаныс шараларын сақтау.

Бұл шаралар топырақ құрылымын жақсартып, биологиялық белсенділігін арттырады және өсімдіктерге қажетті элементтердің сіңімділігін күшейтеді.

Орташа алғанда: Құнарсыз немесе орташа құнарлы топырақта жаздық бидайдың өнімділігі: 10–12 центнер/гектар (ц/га), ал құнарлы топырақта (тыңайтқыш енгізілген, жақсы құрылымды, органикалық заттарға бай): 18–22 центнер/гектар (ц/га). Құнарлы топырақтарда жаздық бидайдың өнімділігі құнарсыз жерлермен салыстырғанда 60–80% артық болуы мүмкін.

4. Сарапшының қатысуымен консультациядан алынған сапалы фотосуреттер

